

2007 жылға арналған 004 "Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптау" республикалық бюджеттік бағдарламасын бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 265 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 34 және 150-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. 2007 жылға арналған 004»"Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптау"»республикалық бюджеттік бағдарламасы осы қаулыға қосымшаға сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің арасында бөлінсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы » 4 сәуірдегі
N 265 қаулысына қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.10.19. N 968 , өзгерту енгізілді - 2007.11.02. N 1030 қаулыларымен.

2007 жылға арналған 004 "Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптау" республикалық бюджеттік бағдарламасын бөлу

р / с N	Жобаның атауы	Техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеуді және оларға мемлекеттік сараптама жүргізуді қаржыландыру көлемі (мың теңге)
1	2	3
Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі		
1	Ақтау қаласында оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығын салу туралы	9991

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі		
2	Бала-Терісаққан өзені арқылы көпір салуды қоса алғанда, Арқалық қаласы арқылы "Жезқазған-Петропавл" автожолын қайта жаңарту	39 300
3	"Батыс Еуропа-Батыс Қытай" халықаралық маңызы бар автомобиль жолын қайта жаңарту	309 100
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі		
4	Астана қаласында 180 төсектік кардиохирургиялық орталық салу	1 280
5	Алматы қаласында 100 төсектік кардиохирургиялық орталық салу	1 870
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі		
6	Ақмола облысының Макинск қаласында Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің жеке құтқару батальонын құру	1 808
7	Қорғас өзенінде Халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығы (ХШЫО) мен "Қорғас" кедені ғимараттарының ауданындағы қорғаныш құрылыстары	94 000
7-1	(күпия)	
7-2	(күпия)	
Қазақстан Республикасы Өұлттық ғарыш агенттігі		
8	"Байқоңыр" кешенінде Ғарыш индустриясы орталығын құру	100 000
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі		
9	Көкшетау өнеркәсіптік су құбырының екінші желісін салу	37 651
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі		

10	Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының әкімшілік-оқу кешені	40 000
	Жиыны:	күпия

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК